

## Айдарлы ауылдық округінің Айдарлы ауылындағы көшені қайта атау туралы

Алматы облысы Панфилов ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 1 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 26 қаңтарда № 4086 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Айдарлы ауылдық округінің Айдарлы ауылы халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2016 жылғы 16 қыркүйектегі қорытындысы негізінде, Панфилов ауданы Айдарлы ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Айдарлы ауылдық округінің Айдарлы ауылындағы "Бейбітшілік" көшесі "Юсуп Қадыров" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Е. Оспанбаев*